

Ресей Федерациясына ізгілік көмек көрсетудің кейбір ұйымдық мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 64-ө өкімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Грозный қаласында (Шешен Республикасы, Ресей Федерациясы) көп пәтерлік тұрғын үй салу түрінде Ресей Федерациясына ізгілік көмек көрсету туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі:

1) Ресей Федерациясының Шешен Республикасындағы құрылыс рыногын зерделеу жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізісін;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, 2003 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде Ресей Федерациясына ізгілік көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы өкімнің 1-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген іс-шараларды жүргізу кезінде жәрдем көрсетсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

Премьер-Министр